

**"Бурабай-Құс фабрикасы кенті-Наурызбай батыр кенті Воробьев-Қотыркөл кәріздік қысым коллекторы" объектісін Ақмола облысының коммуналдық меншігіне беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 963 қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес және мемлекеттік меншікті тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола облысы, Щучье ауданы, Бурабай кенті мекен-жайы бойынша орналасқан "Бурабай-Құс фабрикасы кенті-Наурызбай батыр кенті Воробьев-Қотыркөл кәріздік қысым коллекторы" объектісі белгіленген тәртіппен республикалық меншіктен Ақмола облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Ақмола облысының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген объектіні қабылдау-беру жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*